

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Кадет корпусын құру туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1996 жылғы 1 маусымдағы N 3049

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері үшін кіші командалық құрамның кадрларын даярлау мақсатында қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Кадет корпусы құрылсын.

2. Былай деп белгіленсін:

1) Кадет корпусы оқушыларының жалпы санын 360 адам құрайды;

2) Кадет корпусының орналасатын жері Көкшетау облысының Щучинск қаласы
б о л ы п т а б ы л а д ы .

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) Кадет корпусы туралы ережені әзірлеп, бекітетін болсын;

2) Кадет корпусын орналастыру, материалдық-техникалық және қаржылық қамтамасыз ету мәселелерін 1996 жылға арналған республикалық бюджетте қорғаныс үшін көзделген қаражат шегінде шешсін;

3) Кадет корпусында оқу процесінің 1996 жылғы 1 қыркүйектен басталуын қ а м т а м а с ы з е т с і н ;

4) Кадет корпусы кешенінің объектілерін салуға кірісетін болсын;

5) Кадет корпусының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі осы Жарлықтан туындайтын өзге де қажетті шараларды қолдансын.

4. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті